

БЕКІТЕМІН

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің «Мектеп-гимназия» КММ директоры
Елисева Л.В. _____
2016 жылғы «26» сәуір
даты №95 бұйрық

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау жөнінде конкурстық құжаттама

Конкурсты ұйымдастырушы -Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 111200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй, БСН 990640000431, ЖСК KZ27 0701 03KS N391 8000, БСК ККМFKZ2A, «ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» ММ, Кбе 12, тел/факс (871433) 34204, e-mail - lskschool2@mail.ru, интернет ресурс - www.school2-lis.jimdo.com.

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Қызметтерді немесе тауарларды сатып алу жөнінде осы конкурсқа (лотоға) бөлінген сома 268 515 (екі жүз алпыс сегіз мың бес жүз он бес) теңге.

Осы конкурстық құжаттама өзінде мыналарды:

1) осы конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерді алушылар санаттарының тізбесін, тауарларды жеткізушіні таңдаған кезде осы Үлгілік конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесін;

2) осы Үлгілік конкурстық құжаттаманың 3-қосымшасына сәйкес орта білім беретін ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыру ұйымдастыру жөнінде қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасын;

3) осы Үлгілік конкурстық құжаттаманың 4,5-қосымшаларына сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

4) осы Үлгілік конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) осы Үлгілік конкурстық құжаттаманың 7,8-қосымшаларына сәйкес қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемдерін;

6) осы Үлгілік конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес орта білім беретін ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыру ұйымдастыру жөнінде қызметтерді көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы Үлгілік шартты қамтиды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға арналған өтінімімен бірге қызметтерді немесе тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді төменде аты аталған:

1) конкурсты ұйымдастырушының мынадай банк шотына: «ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» РММ-дегі ЖСК KZ380705034640536001, БСК KKMFKZ2A, орналастырылғын кепілдік ақшалай жарна, есепшот валютасы: KZT;

2) банктік кепілдік нысанында енгізеді.

Әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі Ереженің 41-тармағына сәйкес 2016 жылғы 16 мамыр күні сағат 09-00-ге дейінгі мерзімнің ішінде конкурсты ұйымдастырушының мынадай мекенжайдағы: Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, 111200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй, пошталық мекенжайына құжаттар пакетін жібереді немесе комиссияның хатшысына (№215 кабинет) әдейі әкеліп тапсырады. Әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды беттері нөмірленген түзетулерсіз және таза тігілген түрде ұсынады. Өтінімнің соңғы беті бірінші басшының қолымен куәландырылады және мөрімен бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушымен белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркеуге жатпайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

2. Конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімді ресімдеу

Конкурсқа қатысуға құқық қабілеттілігі бар, төлемқабілетті және материалдық және еңбек ресурстары бар әлеуетті өнім беруші ниеттенеді.

Әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі конкурсты ұйымдастырушының пошталық мекенжайына ішінде мынадай құжаттар бар:

1) Үлгілік конкурстық құжаттаманың 4,5-қосымшаларына сәйкес әрекет ету мерзімін көрсетіп, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған және әлеуетті өнім берушінің қолы қойылып, мөрімен куәландырылған конкурсқа қатысуға өтінімі;

2) құқық қабілеттігін және әрекет қабілеттігін растайтын құжаттарды:

заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаның куәлігінің көшірмесі немесе мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

заңнамалық тәртіпте белгіленген жарғының көшірмесі;

жеке тұлғалар үшін:

жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі;

жеке куәлігінің көшірмесі;

оның конкурсқа қатысуға өтінім беру, қол қою құқығына және комиссия отырыстарында мүдделерін білдіретін тұлғаға сенімхат;

3) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашатын күннен алдыңғы бір ай бұрын алынған салық төлеушінің салық қарызының, міндетті зейнетақылық жарналар, міндетті кәсіптік зейнетақылық жарналар мен әлеуметтік аударымдар бойынша қарызының жоғы (бары) туралы мәліметтер;

4) конкурсқа қатысуға банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақшалай жарна түрінде өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

5) Үлгілік конкурстық құжаттаманың 3-қосымшасына сәйкес мектеп оқушыларын тиімді тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін талап етілетін болашақ мәзір қоса берілген орта білім беретін ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру жөнінде қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма;

6) Үлгілік конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер бар құжаттар пакетін тігілген және беттері нөмірленген, басшының қолымен және мөрімен куәландырылған түрде оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін жібереді немесе әдейі апарып тапсырады.

Қатысуға өтінім мен тиісті құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға беттері нөмірленген түзетусіз және бүлінбеген таза тігілген түрде ұсынады. Өтінімнің соңғы беті бірінші басшының қолымен куәландырылады және мөрімен бекітіледі.

**Қызметті алушылар санатының
тізбесі**

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия„
коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде
тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау жөнінде
конкурс

№	Конкурсты ұйымдастырушының атауы	Білім беру ұйымында қызметтерді алушылардың жалпы саны	Олардан бюджет қаражаттары есебінен тегін тамақтанумен қамтамасыз етілетін білім алушылар	Қызметті көрсету мерзімдері	Қызметті көрсету орны	Бюджет қаражаттары есебінен тегін тамақтанумен қамтамасыз етілетін білім алушыларға бөлінген сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7
1	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия„, коммуналдық мемлекеттік мекемесі		45	2016 жылғы 01 маусымнан бастап 17 маусымды қоса алғанға дейінгі аралықта	ҚР, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй,	268 515 (екі жүз алпыс сегіз мың бес жүз он бес) теңге

Күні

Директор _____ Елисеева Л.В.
М.О.

**Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,,
коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде
тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау
жөнінде конкурстық құжаттамаға
техникалық тапсырма**

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет. Осы техникалық тапсырмада Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет сай болуы тиіс сапалық және сандық сипаттар суреттеледі.

Тамақ 45 білім алушыға жергілікті бюджет қаражаттары есебінен 268 515 (екі жүз алпыс сегіз мың бес жүз он бес) теңге сомасына беріледі.

Бір білім алушының тамақтану құны мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушымен белгіленген құннан – 459 (төрт жүз елу тоғыз) теңгеден аспауы тиіс.

Қызметтерді көрсету мерзімі 2016 жылғы 01 маусымнан бастап 17 маусымды қоса алғанға дейінгі аралықта

Асхана жайы мектеп ғимаратының 1-ші қабатында жайғасқан.

Асхана жайының жалпы ауданы – 124,1 м2.

Асхана жайында: ас бөлме 48,8 м2, ас бөлме 32,1 м2, мұздатқыш камера 4,9 м2, қойма 9,5 м2, дәліз 16,5 м2, дәліз 3,4 м2, дәліз 1,6 м2, санторап 1,7 м2, қойма 1,1 м2, қосалқы бөлме 4,5 м2, 200 орынға есептелінген түстенетін зал бар.

Ас әзірлейтін бөлме жабдықталған: нан пісіретін шкаф – 1 дана, электр сковородасы-1 дана, қамыр илейтін – 1 дана, электр қазаны – 1 дана, мармит – 1 дана.

Қызметтерді көрсететін орын: 111200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй.

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия,, коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастырудағы негізгі мақсаттар мен міндеттер оқушыларды жасына қарай тағамдық заттар мен энергияға физиологиялық мұқтаждықтарына сәйкес тиімді тамақтармен қамтамасыз ету болып табылады.

Мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде оқушыларды тамақтандыру Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй мекенжайындағы мектептің асханасында жүзеге асырылады.

Қызмет беруші азық ас блогына және оның қызметкерлеріне басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ тағамды дайындау технологиясын, тамақты салуды, өлшемдерді шығару нормаларын, білім алушыларға өнімдер мен тағамдарды жіберуді қадағалауды және жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылауды, оларды сақтау мен іске асыру ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді .

Қызмет беруші азық ас блогында, өндіріс және қойма жайларында санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық ережелердің сақталуын қамтамасыз етеді .

Қызмет беруші сарапшылық журналына нәтижелерін жазып, дайындалған тамақтарды таратпастан алдын күнделікті дәмін татып көруі үшін медицина қызметкерінің жұмысына жағдай жасайды.

Тамақтардың, азық өнімдерінің және аспаздық өнімдердің тұтынушылық ерекшеліктері, олардың органолептикалық ерекшеліктері, әзірлеу технологиялары мен

жағдайлары балалар үшін тағам өнімінің қауіпсіздік бөлігінде Кедендік одақтың техникалық регламенттеріне сай болуы тиіс.

Сауықтыру лагерінде ыстық тамақ директор Л.В. Елисевамен бекітілген білім алушылардың белгіленген тамақтану режиміне сәйкес беріледі: таңғы тамақ сағат 08.30-9.00-де, түскі тамақ -12.30-13.00-де.

Дайын аспаздық және тағамдық өнімдерді сату 09.00-17.00 сағатта жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім беруші санитарлық-эпидеиологиялық саулық саласында мемлекеттік органда шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін міндетті түрде бекітеді

Тамақтанудың нақты мөлшері болашақ мәзірге сай болуы тиіс. Бір өнімді, тағамды және аспаздық өнімдерді басқаларына ауыстыру санитарлық-эпидеиологиялық заңнамалардың талаптарына сәйкес ерекше жағдайларда жол беріледі.

Қызмет беруші әзірлеу технологиясын сақтау және дайын тағамдардың калориялығы сай болу үшін ас әзірлейтін бөліктерде тағам әзірлеудің бірыңғай картотекасының (технологиялық карталардың) бар болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдарды әзірлеу азық-түліктерді таратып салу, тағамдардың шығуы, тағамдарды әзірлеу технологиясы туралы мәліметтер, әрбір тағамның құрамы мен оның азықтық құндылығы (ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, дәрумендердің мөлшері) және әрбір тағамның (аспаздық өнімдердің) энергетикалық құндылығының құрамы (калориялылығы) және әрбір қабылдаған тағамның жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетілетін тағамдардың картотекасын пайдаланумен жүргізіледі.

Асхананың ас әзірлейтін бөлігінде тағамдар мен аспаздық өнімдерді әзірлеудің технологиялық барысын қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас әзірлейтін бөлікте санитарлық-эпидеиологиялық заңнамалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар (тағамдық өнім мен азық-түлік шикізаттарының, дайын аспаздық өнімдердің сарапшылық журналдары, денсаулық журналы, мұздатқыш құралының температуралық режимін есепке алу журналы, әзірленіп жатқан тағамның технологиялық картасы, мәзірі, тағамдық өнімдерге кіріс құжаттары, түсіп жатқан тағамның сапасын растайтын құжаттар (жүкқұжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәлігі, ветеринарлық-санитарлық сараптау құжаттары, пікірлер мен ұсыныстар кітабы және басқалар) үнемі болуы тиіс.

Өнім берушінің қолында ас әзірлейтін бөліктің әрбір қызметкерінің жұмысқа рұқсат етілген медициналық кітапшасы бар.

Өнім беруші қолдағы бар технологиялық, мұздатқыш және санитарлық-техникалық құралдардың мемлекеттік тексерісінің түзулігін және өз уақытында өткізілуін (өлшеу құралы үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ тамақ өнімдерін санитарлық-эпидеиологиялық қорытындысы бар автокөлікте жеткізуді ұйымдастырады.

Әлеуетті өнім берушінің өтінімдері, егер:

1) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес қалыптастырылған мемлекеттік сатып алудың Жосықсыз қатысушысы тізілімінде тұрса;

2) Әлеуетті өнім берушінің және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, ерлі-зайыптылар немесе ағайын жек-жаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса яки өткізіліп жатқан конкурстың конкурсты ұйымдастырушысының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті емес болса қабылданбайды.

Лисақов қаласы әкімдігі білім бөлемінің «Мектеп-гимназия» КММ-дегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша екі апталық болашақ мәзір.

1 апта

ДҮЙСЕНБІ	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
Сүттен жасалған май қосылған ұнтақ ботқасы	10/300
Картоппен піскен самса	100
Қант қосылған шай	200
Нан	60
<u>Түскі ас</u>	
Қаймақ қосылған үйдің тұздық сорпасы	20/300
Тауықтан жасалған рагу	40/70
Май қосылған картоп езбесі	150
Қақтан жасалған нәрсу	200
Нан	60
БЕЙСЕНБІ	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
Пицца	120
Кофе сусыны	200
<u>Түскі ас</u>	
Жаңа піскен көк қосылған қызанақ салаты	100
Қаймақ қосылған щи	20/300
Тауықтан жасалған палау	25/200
Қақтан жасалған нәрсу	200
Нан	60
Жемістер	
СӘРСЕНБІ	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
Сүттен жасалған май қосылған тары ботқасы	10/300
Ірімшік қосылған самса	110
Сүт қосылған какао	200
Нан	60
<u>Түскі ас</u>	
Жаңа піскен көк қосылған қияр салаты	100
Көк қосылған балық сорпасы	10/300
Пісірілген шұжық	60
Картоп пюресі қырыққабат бұқтырылған	100/100
Өрік шырыны	200
Нан	60
Балмұздақ	
БЕЙСЕНБІ	шығу
<u>Таңғы ас</u>	

Растегай	110
Қант қосылған какао	200
<u>Түскі ас</u>	
Көкөністен жасалған винегрет	100
Қаймақ пен көк қосылған рассольник	20/300
Үйдің қуырдағы	40/200
Жаңа піскен жемістерден жасалған нәрсу	200
Нан	60
Шоколад	
ЖҰМА	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
Май қосылған картоп пісірмесі	10/200
Сүт қосылған шай	200
<u>Түскі ас</u>	
Жаңа піскен қырыққабаттан жасалған салат	100
Қаймақ қосылған свекольник	20/300
Көкөністермен бұқтырылған ет	100/120
Май қосылған макарон	150
Қақтан жасалған нәрсу	200
Нан	60
«Да-Да» шырыны	200

2 апта

ДҮЙСЕНБІ	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
«Дружба» сүтінен жасалған ботқа	10/300
Ірімшік қосылған батончик	85
Сүт қосылған шай	200
Нан	60
<u>Түскі ас</u>	
Көк қосылған бұршақ сорпасы	10/300
Көкөністермен бұқтырылған балық	40/100
Май қосылған картоп езбесі	150
Қақтан жасалған нәрсу	200
Нан	60
«Да-Да» шырыны	200
БЕЙСЕНБІ	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
Жүгері ботқасы	10/300
Қамырдағы шұжық	90
Сүт қосылған шай	200
Нан	60
<u>Түскі ас</u>	
Қаймақ пен көк қосылған «Волна» сорпасы	20/300
Қара мал етінен жасалған гуляш	100/120
Май қосылған қарақұмық ботқасы	150
Жемістер киселі	200

Нан	60
Шоколад	
СӘРСЕНБІ	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
Учпучмак	120
Сүт қосылған шай	200
<u>Түскі ас</u>	
Көк қосылған жаңа піскен қырыққабаттан жасалған салат	100
Көк қосылған фрикаделькамен сорпа	10/350
«Еріншек» голубцы	100/120
Күріш көкөніспен	150
Жаңа піскен жемістерден жасалған нәрсу	200
Нан	60
Жеміс	
БЕЙСЕНБІ	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
Сүттен жасалған май қосылған күріш ботқасы	10/300
Алма қосылған самса	110
Қант қосылған шай	200
Нан	60
<u>Түскі ас</u>	
Қаймақ қосылған жаңа піскен қырыққабаттан жасалған борщ	20/300
Қуырылған тауық санының еті	100
Май қосылған картоп езбесі	150
Жаңа піскен жемістерден жасалған нәрсу	200
Нан	60
Жеміс	
ЖҰМА	шығу
<u>Таңғы ас</u>	
Картоп қосылған пісірілген самса	110
Қант қосылған шай	200
<u>Түскі ас</u>	
Жаңа піскен көкөністерден жасалған салат	100
Қаймақ қосылған жаңа піскен қырыққабаттан жасалған борщ	20/300
Тұшпара	150
Жемістер киселі	200
Нан	60
Балмұздақ	

Күні
Білім беретін ұйым басшысының қолы _____ М.П.
(Т.А.Ә. аты, лауазымы көрсетілсін)

Конкурсқа қатысуға өтінім
(заңды тұлғалар үшін)

Кімге _____
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен _____
(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошталық мекенжайы және байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	
Заңды тұлға «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес қалыптастырылған мемлекеттік сатып алудың Жосықсыз қатысушысы тізілімінде тұрады ма	
Заңды тұлғаның басшысында және (немесе) осы заңды тұлғаның уәкілетті өкілінде өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болған жақын туыстары, ерлі-зайыптылар немесе ағайын жек-жаттары бар ма яки олар өткізіліп жатқан конкурстардың конкурсты ұйымдастырушысының өкілі болып табылады ма	
Заңды тұлғаның резиденттігі	

2. _____
(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен _____

(конкурстың толық атауы)
конкурсқа әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес

_____ (қажетін көрсету керек)
қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісім береді.

3. _____
(заңды тұлғаның толық атауы)
осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. _____
(заңды тұлғаның толық атауы)
конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтық қабілеті, біліктілігі, сапалық және _____ көрсетілетін қызметтердің

(қажетін көрсету керек)
өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

_____ (заңды тұлғаның толық атауы)
осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім ___ күн ішінде қолданылады.

6. _____
(заңды тұлғаның толық атауы)

Конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда, біз шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуге міндеттенеміз.

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні

Басшының қолы _____ М.О.
(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

Конкурсқа қатысуға өтінім
(жеке тұлға үшін)

Кімге _____
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен _____
(әлеуетті өнім берушінің Т.А.Ә.аты)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер жеке тұлға (әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес Т.А.Ә. аты (ол болған жағдайда)	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжатының деректері (№, кіммен берілген)	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің тіркелген мекенжайы	
Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс мәніне сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін өзге де құжаттың нөмірі	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің банктік деректемелері (ЖСН, БСК, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің байланыс телефондары, пошталық мекенжайы мен электрондық пошталық мекенжайы (ол болған жағдайда)	
Заңды тұлға «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес қалыптастырылған мемлекеттік сатып алудың Жосықсыз қатысушысы тізілімінде тұрады ма	
Заңды тұлғаның басшысында және (немесе) осы заңды тұлғаның уәкілетті өкілінде өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болған	

жақын туыстары, ерлі-зайыптылар немесе ағайын жек-жаттары бар ма яки олар өткізіліп жатқан конкурстардың конкурсты ұйымдастырушысының өкілі болып табылады ма	
Заңды тұлғаның резиденттігі	

2. _____

(жеке тұлғаның Т.А.Ә.аты көрсетіледі)

осы өтініммен конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (қажеттісін көрсету) дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім __ күн ішінде қолданылады.

6. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, біз шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуді міндеттенеміз (егер де конкурстық құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні

Басшының қолы _____ М.О.

(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

**Қызметкерлердің біліктілігі туралы
мәліметтер**

(әлеуетті өнім беруші қызметтерді сатып алған кезде толтырады)

1. Әлеуетті өнім берушінің атауы _____

2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсету үшін _____

(әлеуетті өнім берушінің атауын, тегін, атын, әкесінің атын (олболған жағдайда) көрсету)

әлеуетті өнім берушіде қажетті штат қызметкерлері бар.

Қызметкерлердің жалпы саны _____ құрайды, оның ішінде растайтын құжаттарының көшірмелері қоса берілген _____ аспазшы(лар), _____ технолог(тар), _____ диетолог(тар) бар:

Қызметкердің Т.А.Ә. аты (ол болған жағдайда)	Білімі (орта арнаулы, техникалық және кәсіптік білім) және мамандығы (дипломының №)	Қысқа мерзімді курстар мен біліктілігі (куәліктің №)	Орындалатын жұмыс	Мамандығы бойынша еңбек өтілі	Біліктілігін арттыру курстары туралы мәліметтер	Жұмыс істеуге рұқсат берілгендігі туралы мәліметтер (рұқсат беру туралы белгісі бар медициналық кітапшалардың көшірмелері)
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы						

3. Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, _____ соңғы бес жыл ішінде конкурста сатып

(әлеуетті өнім берушінің атауын көрсету)

алынатын көрсетілетін қызметтерге ұқсас көрсеткен қызметтердің көлемі.

Көрсетілген қызметтердің атауы	Тапсырыс берушілердің атауы	Қызметтерді көрсету орны және жылы

4. Әлеуетті өнім беруші қызмет көрсету үшін қолдағы бар ресурстар туралы қосымша мәліметтерді көрсетеді.

Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Күні

Басшының қолы _____ М.О.
(Т.А.Ә.атын (ол болған жағдайда), лауазымын көрсету)

Қызмет берушілерді таңдау критерийлері

№	Критерийлер	Баллдар		
1	Конкурстың мәні болып табылатын қызмет көрсету нарығындағы тәжірибесі	Әр жылға 2 баллдан, бірақ 10 баллдан аспайды		
2	Экологиялық менеджмент жүйесін қанағаттандыратын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын сәйкестік сертификатының бар-жоғы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
3	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын менеджмент сапасының жүйесі сертификатының бар-жоғы	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	
4	Аспазшының біліктілігі (10 баллдан аспайды)	Арнайы орта білім (2007 жылғы 27 шілдеге дейін білімі туралы құжатты алған жағдайда) немесе 3-разряд техникалық және кәсіптік білім (1 балл)	Арнайы орта білім (2007 жылғы 27 шілдеге дейін білімі туралы құжатты алған жағдайда) немесе 4-разряд техникалық және кәсіптік білім (2 балл)	Арнайы орта білім (2007 жылғы 27 шілдеге дейін білімі туралы құжатты алған жағдайда) немесе 5-разряд техникалық және кәсіптік білім және (немесе) жоғары білім (3 балл)
5	Технологтың («Қоғамдық тамақтандыру технологиясы» мамандығы бойынша), диетологтың бар-жоғы (2 баллдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Мамандардың біреуі ғана бар (1 балл)	Бар (2 балл)
6	«Қоғамдық тамақтандыру технологиясы» мамандығы бойынша технолог біліктілігі бар өндіріс меңгерушісінің бар-жоғы (1 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	

7	Шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесінің бар-жоғы	10-ға дейінгі тағам атауы (1 балл)	10-нан 30-ға дейінгі тағам атауы (2 балл)	30-нан 50-ге дейінгі тағам атауы (3 балл)
8	Автокөлікпен тамақ өнімдерін жеткізу шарттары	Жалдау шартының, өтеусіз пайдаланудың, лизингтің және басқа негіздегі көліктің бар-жоғы (2 балл)	Өз көлігінің бар-жоғы (3 балл)	
9	100% қызмет тобының жұмысқа рұқсаты туралы құжаттарының бар-жоғы (1 баллдан көп емес)	Қызметкерлердің біреуінікі жоқ (0 балл)	Барлық қызметкерлердің құжаттары бар (1 балл)	
10	Отандық өндірушілерден сатып алынатын тағамдық өнімдердің көлемі (3 баллдан көп емес)	85% -дан 90% -ға дейінгі азық-түліктер (1 балл)	90% -дан бастап 100% -ға дейінгі азық-түліктер (3 балл)	
11	Өзінің өндіретін тағам өнімдерінің (шаруа немесе ферма шаруашылығы жылыжай, бау-бақша шаруашылығы және басқалар) бар-жоғы (2 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Бар (2 балл)	
12	Тағамды даярлаудың технологиялық картасының бар-жоғы	Қолданылмайды (0 балл)	Қолданылады (1 балл)	
13	Қызметкерлер тобы үшін арнайы киімдердің және зарарсыздандыратын заттардың бар-жоғы (2 балл)	Талап етілген көлемде (1 балл)	Талап етілген көлемнен жоғары (2 балл)	
14	Тамақ әзірлеген кезде өзінің энергия үнемдейтін құралын, берілетін қызметтің тиісті сапасын қамтамасыз ететін өндірістік мұқамалды пайдалану (2 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Ішінара (1 балл)	Толық көлемде бар (2 балл)
15	Аспазшылардың тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша біліктілігін арттыру туралы сертификаттарының бар-жоғы (1 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)	

16	Өндірістік бақылау жоспарының бар-жоғы (1 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)
17.	Әлеуетті өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсеткен білім беру ұйымдарының ата-аналар комитетінің төрағасы қол қойған, мектеп директорларының қолы мен мөрі қойылған ата-аналар тарапынан қызмет берушіге берілген сипаттаманың бар-жоғы (3 баллдан көп емес)	Жоқ (0 балл)	Бар (әрбір сипаттама үшін 1 балл, бірақ 3 баллдан көп емес)
18	Әлеуетті өнім берушінің конкурс өткізіліп жатқан жердегі тиісті облыста, республикалық маңызы бар қала аумағында тіркеуде бар-жоғы	Жоқ (0 балл)	Тіркелген (3 балл)

Ескертпе: 1-тармақ бойынша конкурстың мәні бойынша тәжірибесінің бар-жоғы бұдан алды жасалған шарттармен расталады, 4-тармақта баллдар әр маман үшін қойылады, 10 және 13 тармақтар бойынша баллдар қою үшін азық-түліктер, арнайы киімдер мен залалсыздандыратын заттарды сатып алуға өткен жылы жасалған шарттар туралы мәліметтер пайдаланылады, 14-тармақ бойынша құрал-жабдықтарға құқықбелгілеуші құжаттарды (құрал-жабдықтардың паспорты, төлем құжаттары және басқалар) ұсыну керек.

Мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы үлгілік шарт

Лисаков қ.

2016 жылғы «-» -----

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан директор тұлғасында Елисева Лариса Викторовна, (лауазымы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)), бір тараптан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, _____ атынан _____ (жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік, Жарғы және басқасы) негізінде әрекет ететін _____, (лауазымы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) екінші тараптан, 20__ жылғы «__» _____ **өткен орта білім беру ұйымдарында** тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттаманың негізінде **орта білім беру ұйымдарында** тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші 268 515 (екі жүз алпыс сегіз мың бес жүз он бес) теңге мөлшеріндегі сомаға (бұдан әрі – Шарттың бағасы) мектеп жанындағы алаңдағы оқушыларды, оның ішінде айырым санаттағы оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді Тапсырыс берушіге көрсетуге міндеттенеді.

1) Қызметтерді орындау мерзімі: 2016жылғы 01 маусымнан бастап 17 маусымды қоса алғанға дейінгі аралықта.

2) Шарт 464003 «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы, 015 «Жергілікті бюджет қаражаттары есебінен» кіші бағдарламасы, 163 «Жалпыға міндетті орта білім қорының шығындары», ерекшелігі бойынша аумақтық қазынашылық органында тіркеуден өткізуге жатады.

3) Тапсырыс беруші соманы Өнім беруші көрсеткен нақты Қызметтер мен көрсетілген қызметтердің актісіне Тараптар қол қойғаннан кейін бюджеттік қаражаттардың бөлінуіне қарай аудару жолымен төлейді. Көрсетілген Қызметтер актісінің нысанын Өнім беруші Тапсырыс берушімен алдын ала келіседі.

4) Көрсетілетін Қызметтердің сандық және құндық түрдегі көлемі Шарттың 1-қосымшасында айтылып келісілді.

2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) дүлей күш (форс-мажор) – төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың рынокта болмауы жатпайды;

2) «Көрсетілетін қызмет» – өндіріс процесі және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қосқанда орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұсыну.

3) «Тапсырыс беруші» – орган немесе орта білім беру ұйымы.

4) «Тауар» – орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауар.

5) «Өнім беруші» – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік

мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға.

6) «Шарт» – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

7) «Шарттың бағасы» Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді;

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса жауапкершілік артпайды.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар, осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) техникалық тапсырма;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді конкурсты ұйымдастырушының банктік шотына енгізілетін шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде банктік кепілдеме немесе кепілдік ақшалай жарна төлеу түрінде: ЖСК №KZ380705034640536001 «ҚР Қаржы Министрлігі Қазынашылық Комитеті Қостанай облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Лисаков қалалық қазынашылық басқармасы» РММ-не, БИК ККМФКZ2 енгізеді.

5. Өнім берушінің үшінші тұлғалардың тұтастай не Шартты қамтамасыз етуді орындау бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдалануына жол берілмейді.

6. Шарт тиісті қаржы жылына міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және шартты орындау кезінде өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, бірақ кемінде екі рет ұзартылады.

7. Өнім беруші қызметті көрсетуді немесе тауарды жеткізуді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмаға сәйкес білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы _____ санда (балалар санын көрсету) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарды қабылдауды және төлеуді міндетіне алады. Ақы төлеу нысаны - аударым.

8. Төлеу мерзімі 2016 жылғы маусым.

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: _____

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) көрсетілген қызметтердің актісі;

3) Өнім берушінің Тапсырыс берушіге ұсынған шот-фактурасы.

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген құжаттаманы немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

11. Өнім берушінің орта білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметін немес тауарды төлеуді көрсетілетін қызметті іс жүзінде орындау бойынша осы Шарттың _____ және _____ тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізіледі.

12. Біржолғы мектептік тамақтандырудың құны 459 теңгені құрайды.

13. Өнім берушімен қызметті көрсету Шартта белгіленген мерзімге сәйкес жүзеге асырылады.

14. Өнім беруші тарапынан қызметті орындауды кешіктіру Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап, қызметті уақытылы орындамағаны немесе заңнамада қарастырылған басқа шаралар үшін тұрақсыздық айыбын төлеп Тапсырыс берушімен Шартты бұзуына негіз болып табылады.

15. Егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсетпесе, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

16. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші қызмет бөлігін немесе тауардың бөлігін немесе барлық қызметті немесе барлық тауарды Шартта көзделген мерзімде (дерде) немесе Тапсырыс беруші берген осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде бере алмаса немесе жеткізбесе;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша қандай да болмасын басқа да өзінің міндеттемелерін орындай алмаса осы Шартты бұзады.

17. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге бір жұмыс күн ішінде мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және дүлей күшке байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

18. Өнім беруші, осы Шарттың 17-тармағының талаптарын орындаған жағдайда егер Шартты орындауды кешіктіру дүлей күш нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуден айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапкершілік жүктемейді.

19. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші төлеуге қабілетсіз болса немесе Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енсе, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу залал келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе соңынан қойылатын санкцияларды қолданатын жағдайда Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні көрсетіледі.

Ас әзірлейтін бөлік қызметкерлері конкурс кезеңінде ұсынылған қызметкерлеріне сәйкес келмесе Шартты бұзудың негізі болады.

21. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төленеді.

22. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсайды.

23. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәселені шешеді.

24. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

25. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, кейін түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

26. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе), бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты күшіне енеді.

27. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

28. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

29. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық тіркеуден өткізгеннен кейін және Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

30. Осы Үлгі шарт орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті көрсетуді немесе тауарларды сатып алуды Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурстық өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес келуі тиіс.

Егер тегін тамақтандыруды алуға құқығы бар білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) Шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.».

31. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің
„Мектеп-гимназия,, коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
111200, Лисаков қаласы,
2-шағын аудан, 28-үй,
БСН 990640000431
ЖСК KZ27 0701 03KS N391 8000
БСК KKMFKZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық
комитеті» ММ
Тел.: 8 (71433) 34204, 40430

Директор

Елисеева Л.В

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет. Осы техникалық тапсырмада Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет сай болуы тиіс сапалық және сандық сипаттар суреттеледі.

Тамақ 45 білім алушыға жергілікті бюджет қаражаттары есебінен 268 515 (екі жүз алпыс сегіз мың бес жүз он бес) теңге сомасына беріледі.

Бір білім алушының тамақтану құны мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушымен белгіленген құннан – 459 (төрт жүз елу тоғыз) теңгеден аспауы тиіс.

Қызметтерді көрсету мерзімі 2016 жылғы 01 маусымнан бастап 17 маусымды қоса алғанға дейінгі аралықта.

Асхана жайы мектеп ғимаратының 1-ші қабатында жайғасқан.

Асхана жайының жалпы ауданы – 124,1 м².

Асхана жайында: ас бөлме 48,8 м², ас бөлме 32,1 м², мұздатқыш камера 4,9 м², қойма 9,5 м², дәліз 16,5 м², дәліз 3,4 м², дәліз 1,6 м², санторап 1,7 м², қойма 1,1 м², қосалқы бөлме 4,5 м², 200 орынға есептелінген түстенетін зал бар.

Ас әзірлейтін бөлме жабдықталған: нан пісіретін шкаф – 1 дана, электр сковородасы-1 дана, қамыр илейтін – 1 дана, электр қазаны – 1 дана, мармит – 1 дана.

Қызметтерді көрсететін орын: 111200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй.

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің „Мектеп-гимназия„ коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастырудағы негізгі мақсаттар мен міндеттер оқушыларды жасына қарай тағамдық заттар мен энергияға физиологиялық мұқтаждықтарына сәйкес тиімді тамақтармен қамтамасыз ету болып табылады.

Мектеп жанындағы сауықтыру лагерінде оқушыларды тамақтандыру Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй мекенжайындағы мектептің асханасында жүзеге асырылады.

Қызмет беруші азық ас блогына және оның қызметкерлеріне басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ тағамды дайындау технологиясын, тамақты салуды, өлшемдерді шығару нормаларын, білім алушыларға өнімдер мен тағамдарды жіберуді қадағалауды және жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылауды, оларды сақтау мен іске асыру ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді .

Қызмет беруші азық ас блогында, өндіріс және қойма жайларында санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық ережелердің сақталуын қамтамасыз етеді .

Қызмет беруші сарапшылық журналына нәтижелерін жазып, дайындалған тамақтарды таратпастан алдын күнделікті дәмін татып көруі үшін медицина қызметкерінің жұмысына жағдай жасайды.

Тамақтардың, азық өнімдерінің және аспаздық өнімдердің тұтынушылық ерекшеліктері, олардың органолептикалық ерекшеліктері, әзірлеу технологиялары мен жағдайлары балалар үшін тағам өнімінің қауіпсіздік бөлігінде Кедендік одақтың техникалық регламенттеріне сай болуы тиіс.

Сауықтыру лагерінде ыстық тамақ директор Л.В. Елисеевамен бекітілген білім алушылардың белгіленген тамақтану режиміне сәйкес беріледі: таңғы тамақ сағат 08.30-9.00-де, түскі тамақ -12.30-13.00-де.

Дайын аспаздық және тағамдық өнімдерді сату 09.00-14.00 сағатта жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім беруші санитарлық-эпидеиологиялық саулық саласында мемлекеттік органда шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін міндетті түрде бекітеді

Тамақтанудың нақты мөлшері болашақ мәзірге сай болуы тиіс. Бір өнімді, тағамды және аспаздық өнімдерді басқаларына ауыстыру санитарлық-эпидеиологиялық заңнамалардың талаптарына сәйкес ерекше жағдайларда жол беріледі.

Қызмет беруші әзірлеу технологиясын сақтау және дайын тағамдардың калориялығы сай болу үшін ас әзірлейтін бөліктерде тағам әзірлеудің бірыңғай картотекасының (технологиялық карталардың) бар болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдарды әзірлеу азық-түліктерді таратып салу, тағамдардың шығуы, тағамдарды әзірлеу технологиясы туралы мәліметтер, әрбір тағамның құрамы мен оның азықтық құндылығы (ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, дәрумендердің мөлшері) және әрбір тағамның (аспаздық өнімдердің) энергетикалық құндылығының құрамы (калориялылығы) және әрбір қабылдаған тағамның жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетілетін тағамдардың картотекасын пайдаланумен жүргізіледі.

Асхананың ас әзірлейтін бөлігінде тағамдар мен аспаздық өнімдерді әзірлеудің технологиялық барысын қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас әзірлейтін бөлікте санитарлық-эпидеиологиялық заңнамалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар (тағамдық өнім мен азық-түлік шикізаттарының, дайын аспаздық өнімдердің сарапшылық журналдары, денсаулық журналы, мұздатқыш құралының температуралық режимін есепке алу журналы, әзірленіп жатқан тағамның технологиялық картасы, мәзірі, тағамдық өнімдерге кіріс құжаттары, түсіп жатқан тағамның сапасын растайтын құжаттар (жүккүжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәлігі, ветеринарлық-санитарлық сараптау құжаттары, пікірлер мен ұсыныстар кітабы және басқалар) үнемі болуы тиіс.

Өнім берушінің қолында ас әзірлейтін бөліктің әрбір қызметкерінің жұмысқа рұқсат етілген медициналық кітапшасы бар.

Өнім беруші қолдағы бар технологиялық, мұздатқыш және санитарлық-техникалық құралдардың мемлекеттік тексерісінің түзулігін және өз уақытында өткізілуін (өлшеу құралы үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ тамақ өнімдерін санитарлық-эпидеиологиялық қорытындысы бар автокөлікте жеткізуді ұйымдастырады.

Әлеуетті өнім берушінің өтінімдері, егер:

1) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес қалыптастырылған мемлекеттік сатып алудың Жосықсыз қатысушысы тізілімінде тұрса;

2) Әлеуетті өнім берушінің және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, ерлі-зайыптылар немесе ағайын жек-жаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса яки өткізіліп жатқан конкурстың конкурсты ұйымдастырушысының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті емес болса қабылданбайды.

Күні

Білім беру ұйымының басшысының қолы _____ М.О.

(Т.А.Ә. атын, лауазымын көрсету)